

Мәлімет

Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебінде тілдер мерекесіне орай «ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МӘРТЕБЕСІ» тақырыбында 5 қыркүйек пен 15 қыркүйек аралығында онкүндік өткізілді.

Онкүндік барысында атқарылатын іс-шаралар жоспарланып, бекітілді.

5-қыркүйек күні онкүндіктің ашылу салтанаты болды.

6-қыркүйек күні жас ақындар арасында «Тіл-құдірет, тіл -тағдыр» ақындар мұшайрасы болып өтті. Байқауға 5-11 сынып оқушылары қатысты. Нәтижесінде 11-сынып оқушысы Абдрахман Дина 1-орын, 9-сынып оқушысы Искандер Гүлназ 2-орын, 9-сынып оқушысы Мештай Айшагүл 3-орын иеленіп, мақтау қағазымен марапатталды.

Мерекеге арналған онкүндік жалғасынтауып, келесі күні жаратылыстану пәндері(химия, физика, математика) мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тіл – менің тілім» топтық сайыс өткізілді.

Сайыс сабаққа 9,10,11-сынып оқушылары қатысты.

1-топ математиктер тобы;

2- химиктер тобы;

3- физиктер тобы болып білім сайысына түскен оқушылар әр пәнді мақал-мәтелмен, нақыл сөзбен ұштастырып, ғылымның түркі даласына ертеден-ак дамығанын дәлелдеді.

Сайыс кезеңдері:

1. «Мақал сөздің мәйегі»

2. Үй тапсырмасы. Арнайы тақырыптар берілген. Сол тақырыптарды слайдпен немесе постер жазып қорғайды

3. «Сандардан сөздер құрау» әдісі

4. Қорытынды. «Менен бір тілек» әдісі.

Сабақ өте тамаша өтілді. Тіл жалпыға ортақ. Осы тақырыпты жаратылыстану пән мұғалімдері өте жақсы ашып, қызықты әдіс-тәсілдермен оқушыларға ой салып, патриоттық сезімдерін оятты. Оқушылар да білімділіктерін көрсетті.

12-қыркүйек күні ағылшын тілі пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Magic poetry» әдеби круиз өткізілді.

Оқушылар ағылшын жазушыларының биографиясымен танысты, өлеңдерін жатқа айтты.

Әдеби кеш қызықты өтті. Оқушылар Көптеген жазушылармен және олардың шығармашылығымен танысты. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері өте жақсы ашып, қызықты әдіс-тәсілдермен оқушыларға ой салып, патриоттық сезімдерін оятты. Оқушылар да білімділіктерін көрсетті.

Өткізгендер: Джаулбаева Алтынай, Ұлықбек Ақнұр

13-қыркүйек күні «Әлемдік кеністіктегі Ахмет және ұлт бейнесі» тақырыбында әдеби эссе байқауы өткізілді. Оқушылар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде эссе жазып, жеңімпаздар марапатталды.

Дәстүрлі мерекелен бастауыш сынып ұстаздары да тыс қалмады. 13-қыркүйек күні бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен "Ана тілін-арың бұл" тақырыбында мерекелік концерт өткізілді.

4-сынып оқушылары "Тіл мерекесіне" арналған қойылым қойып, жаттауларын, әндерін, билерін, билеп өнерлерін ортаға салды. Оқушыларға сұрақтар қойылып, олар өте белсенді жауап беріп, білімдерін ортаға салды.

Қазақстан Халықтарының Тілдер мерекесіне орай, "Тіл мәртебесі - ел мәртебесі" тақырыбындағы онкүндік аясында орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері А.

Абдукаликова, Ж.Мелдехан, А.Джаулбаева «Книжное царство – мудрое государство» тақырыбында поэзия кешін өтті.

Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге ат салысуға шақыру. Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, кітап оқуға құмарлығын, кітап оқу арқылы олардың сөздік

корын , ой — өрісінің дамуын, рухани байлығын, кітап оқуға құштарлығын поэзия тілімен жеткізу мақсатында өткізілген кеш барысында оқушылар орыс тілінде өлең оқып, көрініс қойды.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай "Қылқалам шеберлері" үйірмесінің жетекшісі Д.Құрманходжаева 5 сынып оқушыларымен " Суреттер сыры" тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастырып өткізді.

Мақсаты: Оқушыларға мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, оқып үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру. Патриоттық сезімін оятып, тілін, Отанын, елін, жерін сүйуге, салт - дәстүрін, тарихын құрметтеуге баулу.

«ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МӘРТЕБЕСІ» тақырыбында онкүндік барысында казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері және Г.Уткельбаеваның ұйымдастыруымен «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінде құрметте атты» дөңгелек үстел өткізілді. Ана тілімізді дәріптеу, өркендеуіне үлес қосу мақсатында өткізілген бұл шараға Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебінің директоры С.Маханов, Дермене ауылдық әкімшілігінің бас маманы, заңгер Е.Юсубеков, «Қарлығаш» бала бақшасының меңгерушісі Ж.Бейсенова, Дермене ауылы кітапханашысы Ғ.Токболаева, казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі О.Досхожаева және орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Абдукаликова қатысты. Алқалы жиынға қатысушылар ана тіліміздің бүгінгі күйі, ресми іс-құжаттардың жүргізілуі туралы өз ойларын айтып, бабалардан қалған асыл мұрамыз- ана тіліміздің қадір-қасиетін арттыру үшін өз ұсыныстарын да ортаға салды. Дөңгелек үстел барысында көтерілген мәселелер, айтылған сөздер казак тілінің мәртебесін асыруда пайдасын тигізери сөзсіз.

Тіл мерекесін атап өтуде ерекше өткен іс-шараның бірі -тарих пәнінің мұғалімі С.Уразбаеваның ұйымдастыруымен өткен «Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» ғылыми конференция болды. ІІ-сынып оқушылары Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, қызметі, атқарған жұмыстары және шығармалары туралы кеңінен таныстырып өтті. Өз жобаларында оқушылар Алаштың ардақтысы, ұлт ұстазы Ахметтің казак әдебиеті мен мәдениеті дамуында алар орны ерекше тұлға екенін таныта білді.

Қорыта келгенде, биылғы ерекшелік- тіл тек қана тілшілерге ғана емес, барлық салаға қажет екенін, әрқайсысының ана тіліміздің мерейін асыруға үлес қоса алатынын дәлелдейтін онкүндік болды. Ешбір пән бірлестігі тыс қалмаған бұл айтулы мерекеде көп нәрсеге қол жеткіздік. Осындай тіл жанашырлары бар елімізде казак тілі мәңгі жасайтыны анық!

Бірлестік жетекшісі:



Г.Уткельбаева

